

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

2023 қабылдауы үшін құрастырылған 6В01701- Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының мазмұнын талдау

6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ мазмұнында соңғы жаңарту бойынша (05.07.2022) 42 пән қамтылса, 2023 жылғы қабылдау үшін құрастырылған ББ мазмұны 6 пәнге көбейіп, мазмұны 14,5 пайызға жаңартылды.

Білім беру бағдарламасы және пәндерді басқару үдерісі бойынша ұсынымдарды талқылау және ұсыныстарын ескеру, қолданыстағы білім беру бағдарламасын жаңарту бағытында мүдделі тараптардың ұсынысымен (Абай Құнанбаев атындағы мектеп-гимназия, Ыбырай Алтынсарин атындағы гимназия) 2023 жылғы қабылдау үшін құрастырылған 6В01701- Қазақ тілі мен әдебиеті ББ БП ЖК «Қазақ тілі пунктуациясының теориялық негіздері»; КП ЖК «Филологиялық білім берудегі тілдік талдау технологиясы»; білім алушылардың тілектері мен өтініштері негізінде Фундаментальды даярлық модулі БП ТК «Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық»; БП ТК «Қазіргі қазақ поэзиясы» жаңа пәндерімен толықтырылды.

Білім беру бағдарламасы мазмұнын талдай келе, 48 пәннің 7 пәні келесі пәндер негізінде өзгертілді: қоғамдық пәндер модулі ЖБП ТК «Адал азамат құндылықтары»; Педагогтың кәсіби даярлығы модулі БП ТК «Білім берудегі менеджмент»; Фундаментальды даярлық модулі БП ТК «Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық»; БП ТК «Қазіргі қазақ поэзиясы»; БП ЖК «Қазақ тілі пунктуациясының теориялық негіздері»; КП ЖК «Филологиялық білім берудегі тілдік талдау технологиясы».

Жаңа пәндерімен толықтырылуына байланысты (6 жаңа пән енгізілді, 1 пәннің мазмұны толықтырылды).

ЖБП ТК «Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері» пәні «Экологиялық мәдениет» атауына өзгертіліп және мазмұны толықтырылды.

Сонымен қатар ББ бойынша 7 оқу нәтижесінің 2 нәтижесі өзгертіліп, 28,5 пайызды құрады.

(ОН5) кәсіби салада психология мен педагогиканың, экологиялық мәдениет және тіршілік қауіпсіздігінің теориялық және практикалық негіздерін сыни тұрғыдан қолданады, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлап жүргізеді; ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастыру дағдыларын меңгереді.

(ОН6) білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық процесін бақылап басқара біледі; кәсіби қызмет саласында цифрлық білім беру ресурстарын қолданады.